

БЕКІТЕМІН

Қарағанды экономикалық
университетінің ректоры

Э.д. профессор

Е.Б. Аймағамбетов

03

2020ж.



COVID-19 коронавирус инфекциясы пандемиясы кезеңінде Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінде қорытынды аттестацияны ұйымдастыру бойынша ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

1. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістемелік ұсынымдар «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің (одан ары – ЖЖООКББ) білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім ұйымдары қызметінің Типтік ережелері, кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Ережелері, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМББС), пандемия кезеңінде білім ұйымдарында «COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 123 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің бұйрығы және қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша ЮНЕСКО ұсынымдары негізінде әзірленді.

2. 2020 жылғы 12 наурыздағы коронавирус инфекциясын таратпау жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Ведомствааралық комиссияның хаттамасына сәйкес, ҚҚЭУ қашықтық форматта қорытынды аттестацияны қамтамасыз етеді..

3. ҚҚЭУ білім алушылар мен педагогтарға, ЖЖООКББ (ОВПО) сайтында (веб-парақшада) бағалау саясатын, өткізу тетігін қоса алғанда, қорытынды аттестация өткізу бойынша нұсқаулықтар әзірлейді және береді.

4. ҚҚЭУ қорытынды аттестация өткізу кезеңінде уақытылы техникалық қолдауды, оның ішінде, қорытынды аттестацияға олардың синхронды қатысуын шектейтін жағдайларда қалған білім алушылардың жағдайын ескеру мақсатында, асинхронды және икемді тәсілдемелерді пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

2. Қорытынды аттестация өткізудің жалпы тәртібі

1. Білім беру бағдарламаларын игеру, диплом жұмысын (жобасын) дайындаудан және қорғаудан және кешенді емтихан тапсырудан тұратын, қорытынды аттестациямен аяқталады.

2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын аяқтағанда қол жеткізетін оқу нәтижелерін және негізгі құзіреттерді бағалау, қорытынды аттестацияның мақсаты болып табылады.

3. ҚҚЭУ-де қорытынды аттестация өткізу үшін аттестациялық комиссия (одан ары – комиссия) құрылған, комиссия өзінің отырыстарын қашықтық технологияларын қолданып өткізеді. Қорытынды аттестацияны онлайн режимде өткізу үшін платформалар ретінде ҚҚЭУ ZOOM. бекітеді.

4. Комиссияның құзіретіне мыналар кіреді:

1) білім алушының білім беру бағдарламаларын оқу нәтижелерінің жетістіктерін бағалау;

2) тиісті білім беру бағдарламасы бойынша түлекке бакалавр, магистр дәрежелерін беру;

3) білім беру бағдарламаларын одан ары жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу;

5. аттестациялық комиссия отырысының ұсынылатын ұзақтығы күніне 5 сағатқа дейін.

6. Орынды себеп бойынша қорытынды аттестацияға келмеген білім алушы, комиссия төрағасының атына (dpomk@keu.kz электронды поштаға) еркін үлгіде электрондық өтініш жазады, орынды себептерінің дәлелдерін береді және оның рұқсат етуі бойынша комиссия отырысының басқа күні қорытынды аттестация рәсімінен өтеді. Отырыстың қайыра өтетін күнін комиссия анықтайды (1-қосымша).

7. Білім алушы қорытынды аттестациядан өту үшін басқа уақыт берілуі мүмкін, егер қорғау уақытында аттестациядан өтуді мүмкін болдырмайтын техникалық ақау орын алатын болса. Бұл жағдайда, техникалық хатшы техникалық ақауға электрондық акт ресімдейді және сол күні актінің көшірмесін комиссияның барлық мүшелеріне жібереді.

8. Қашықтық технологиялары арқылы қорытынды аттестациядан өтуді мүмкін болдырмайтын (мысалы, аттестацияны практика базасында өткізу қажет болған кезде) жағдайларда, қорытынды аттестация 2020 жылдың жазғы кезеңіне немесе қыркүйекке ауыстырылады. Бұл жағдайларда, білім алушының оқу нәтижелерінің жетістігін бағалау, сондай-ақ базалық пәндер бойынша аралық аттестация қорытындылары бойынша жинақталған бағаларды қою жолымен жүргізіледі.

9. Білім алушының өтініші бойынша қорытынды аттестация ҚҚЭУ-де 2020 жылдың жазғы кезеңіне немесе қыркүйекке ауыстырылуы мүмкін.

10. Жақсы жоғары баға алу мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға немесе диплом жұмысын (жобасын), магистерлік диссертацияны (жобаны) қайта қорғауға рұқсат етілмейді.

11. «Қанағаттанарлықсыз» баға алған тұлғаларға кешенді емтиханды қайта тапсыруға, сондай-ақ диплом жұмысын (жобасын), магистерлік диссертацияны қайта қорғауға, қорытынды аттестацияның осы кезеңінде рұқсат етілмейді.

3. Диплом жұмысын (жобасын) дайындау және қорғау

12. Диплом жұмысын (жобасын) дайындауды білім алушы қол жетімді ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы білім алушымен өзара байланыс жасайтын ғылыми жетекшінің жетекшілігімен жүзеге асырады.

13. Дайындалған диплом жұмысын (жобасын) білім алушы басқадан алып пайдалануын анықтайтын жүйеге жүктейді және заңсыз басқадан алып пайдалану мәніне ғылыми жетекшінің және (немесе) ҚҚЭУ-дің жауапты қызметкерінің тексеруіне жатады.

14. Диплом жұмысын (жобасын) қорғау қашықтық білім беру технологияларын қолданып онлайн форматта жүргізіледі. Диплом жұмысын (жобасын) қорғауды өткізу уақыты Академиялық мәселелер және жаңа технологиялар жөніндегі проректор бекіткен кесте бойынша жүргізіледі және білім алушылардың назарына уақтылы жеткізіледі.

15. Диплом жұмысын (жобасын) қорғау уақытында білім алушы таныстырылымды(презентацияны) экранда көрсету режимі арқылы көрсетеді, камера алдында комиссия мүшелеріне баяндама жасайды (сөз сөйлейді) және комиссия мүшелерінің ауызша сұрақтарына жауап береді. Техникалық проблемалар туындаған жағдайда, білім алушыға жазбаша сұрақтар беріледі. Бұндай жағдайда комиссия мүшелерінің сұрақтарын техникалық хатшы жеткізеді. Білім алушы ауызша немесе жазбаша жауап береді.

16. Диплом жұмысын (жобасын) қорғау процесі үзілген жағдайда, білім алушы оны жалғастыру туралы өтінішпен техникалық хатшыға жүгінеді. Комиссия қорғауды қалпына келтіру немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды.

17. Білім алушының сөз сөйлеуіне (баяндамасына) 7-10 минуттан аспайтын уақыт беріледі.

18. Ауызша сөйлеу мен комиссия сұрақтарына жауап беруді қоса алғанда, бір білім алушының қорғауына берілетін жалпы уақыт, 15 минуттан аспайды.

19. Қорғау нәтижелері бойынша, комиссия осы ұсынымдарға сәйкес, білім алушыға баға қояды.

4. Кешенді емтихан тапсыру

20. Қалыптасқан жағдайға байланысты 2019-2020 оқу жылына ҚҚЭУ-де кешенді емтихан өткізу формасы суммативтік (жалпы) бағалау формасында анықталады.

21. Академиялық даму департаменті деканаттармен бірлесіп, кешенді емтихан құрамына кіретін пәндер бойынша қорытынды бағалар негізінде кешенді емтихан бойынша емтихан бағаларын есептеуді жүзеге асырады.

22. Академиялық даму департаменті және/немесе деканат емтихан ведомостерін дайындайды және қорытынды аттестация кезеңі аяқталғаннан кешіктірмей бағаларды студенттердің назарларына жеткізеді.

5.Прокторинг және академиялық адалдықты сақтау

23. Емтихан тапсырушының жеке басын сәйкестендіру (идентификациялау) білім алушының қорытынды аттестациясы басталғанға дейін 15 минут бұрын жүзеге асырылады.

24. Техникалық хатшы емтихан тапсырушының жеке басын күні бұрын алынған жеке куәлігінің көшірмесі бойынша немесе емтихан тапсырушының жеке басын куәлендіретін басқа құжат бойынша білім алушының бейнекөрінісімен сәйкестендіреді(идентификациялайды).

25. Білім алушының жеке басын куәлендіретін құжатының түпнұсқасы өзімен бірге болуы тиіс. Төрағаны және комиссия мүшелерін сәйкестендіруді(идентификациялауды) осыған ұқсас кафедра меңгерушісі (декан) орындайды.

26. Үйдегі бөлмені дайындау қорытынды аттестация рәсімдері басталғанға дейін жүзеге асырылады. Емтихан тапсырушы бөлмеде жаңғыз болады. Қорытынды аттестация үшін тікелей пайдаланылатындардан өзге, электрондық құрылғылар болмауы тиіс.

48. Білім алушы онлайн режимде қорытынды аттестация уақытында өзі болатын бөлмені көрсетеді. Бөтен заттар анықталған жағдайда білім алушы оларды бөлмеден шығарып тастайды. Бас тартқан жағдайда комиссия өзінің шешімімен қорғауды уақытша тоқтатады немесе қорытынды аттестацияны тоқтатады.

52. Қорытынды аттестация өткізу уақытында бейнежазба жүргізіледі.

53. Қорытынды аттестация уақытында білім алушы веб-камерада көрінетін аймақты тастап кетпеуі тиіс.

54. Білім алушының үшінші тұлғаны қатыстыруына және (немесе) емтихан уақытында электрондық құрылғыларға бөтен адамдардың кіруіне мүмкіндік беруіне тыйым салынған.

55. Қорытынды аттестация өткізу уақытында білім алушының және (немесе) комиссия мүшелерінің академиялық адалдық қағидаттарын бұзу жағдайында, ҚКЭУ-дің академиялық саясатына сәйке шаралар қолданылады.

6.Қорытынды аттестация уақытындағы бағалау тәртібі

56. Бағаны комиссия қояды.

57. Дәреже беру бойынша дауыс беру рәсімі жасырын немесе комиссияның барлық мүшелерінің қатысуымен алқада талқылау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

58. Техникалық хатшы комиссия мүшелерінің дауыстарын санауды және белгілеуді жүргізеді.

7.Қорытынды аттестация нәтижелерін жариялау

59. Кешенді емтихан және диплом жұмысын (жобасын) қорғау рәсімдері аяқталғаннан кейін қорытынды аттестация нәтижелері жарияланады.

60. Комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері негізінде хаттама толтырылады, оған комиссия төрағасы мен техникалық хатшы қолдарын қояды. Бұл ретте техникалық хатшы дауыс беру нәтижелері туралы мәліметті сақтайды, ал хаттаманың электрондық нұсқасы комиссияның барлық мүшелеріне жіберіледі.

61. Комиссия төрағасы білім алушының қорытынды аттестациясы туралы есебін дайындайды.

8.Қорытынды аттестация нәтижелеріне апелляция

63. ҚҚЭУ аралық аттестацияның нәтижелері жарияланған күннен кем дегенде 2 жұмыс күнін құрауы тиіс,білім алушының апелляцияға өтініш беруі үшін жеткілікті мерзім береді.

64. Апелляция өткізу үшін ҚҚЭУ басшысының бұйрығымен, оның мүшелерінің тақ санынан тұратын, апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссияның құрамына аттестациялық комиссия мүшелерін және (немесе) ҚҚЭУ-дің әкімшілік қызметкерлерін енгізуге рұқсат етілмейді..

65. Апелляциялық комиссия, білім алушыдан өтініш түскен күннен 2 жұмыс күні ішінде онлайн отырыс өткізеді.

66. Апелляция нәтижелері бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің назарына жеткізіледі.

9.Аралық және қорытынды аттестацияға қатысушылардың жауапкершілігі

67. ҚҚЭУ басшысы:

- Білім алушыларға, педагогтарға және басқа да қатысушыларға, қабылданатын шаралар туралы, оның ішінде ұйымның қол жетімді байланыс арналары, интернет-ресурстары арқылы ақпараттар беруді қамтамасыз етеді;

- сақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып аралық және қорытынды аттестация ұйымдастыру үшін жағдай жасайды;

- педагогтармен, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен кері байланысты жүзеге асырады;

- ұйым педагогтары мен басқа қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастырады;

- осы ұсынымдар негізінде аралық және қорытынды аттестацияның ұйымдастырылуына жауап береді.

68. Бірінші проректор және академиялық мәселелер жөніндегі проректор:

- осы ұсынымдар негізінде білім алушылардың аралық және қорытынды аттестацияларын өткізуге бағытталған іс-шаралар әзірлеуді ұйымдастырады;

- аралық және қорытынды аттестацияны ұйымдастыру және оның нәтижелері туралы білім беру процесінің барлық қатысушыларына (білім алушыларға, педагогтарға және басқа қызметкерлерге) ақпарат беруді жүзеге асырады;

- қашықтық технологияларын қолданып аралық және қорытынды аттестация өткізу процесін бақылауды және методологиялық сүйемелдеуді жүзеге асырады.

69. Декандар мен кафедралардың меңгерушілері:

- кестеге сәйкес қашықтық форматта аралық және қорытынды аттестация өткізуді қамтамасыз етеді;

- аралық және қорытынды аттестация қорытындылары бойынша бағалардың уақытылы қойылуын қамтамасыз етеді;

- білім алушыларға, комиссия төрағасы мен оның мүшелеріне, қашықтықтан оқыту технологияларын қолданып қорытынды аттестация өткізудің күні, уақыты, өткізу тәртібі, оны өткізу үшін байланысқа шығу тәртібі туралы уақытылы ақпарат береді;

- құжаттарды тексеруді және қорғауға жіберуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

- қорытынды аттестация үшін білім алушылардың тізімін береді;

- кешенді емтихан өткізу, қорғау тәртібі, ұзақтығы (регламент) туралы, қорытынды аттестацияны бейне жазу туралы білім алушылармен вебинар нұсқаулықтар беруді өткізеді;

- LMS-қа немесе ҚҚЭУ-де пайдаланылатын басқа жүйеде комиссия мүшелерін тіркеуді қамтамасыз етеді;

- комиссия мүшелерін қажетті материалдармен және қашықтықтан білім беру технологияларына қол жетімділікпен қамтамасыз етеді;

- қорытынды аттестацияның бейнежазбаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

70. Аттестациялық комиссия мүшелері:

- білім алушылардың білім беру бағдарламаларын оқу нәтижелерінің жетістігін бағалайды;

- тиісті білім беру бағдарламалары бойынша түлекке бакалавр, магистр дәрежесін береді;

- білім беру бағдарламаларын одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлейді;

- академиялық адалдық қағидаттарын сақтайды.


71. Техникалық хатшы:

- қашықтық білім беру технологияларын пайдаланып кешенді емтихан өткізуге және диплом жұмысын (жобасын) қорғауға дайындық жүргізеді;
- қорытынды аттестациядан өтудің таңдап алған жүйесімен жұмыс жасау бойынша білім алушылар мен аттестациялық комиссия мүшелері үшін вебинар-нұсқаулық беруді дер кезінде ұйымдастырады;
- қорытынды аттестация тапсыру үшін техникалық және бағдарламалық талаптарға сәйкестікке уақытылы тестілейді;
- аттестациялық комиссия мүшелерінің дауыс берулерін онлайн ұйымдастырады;
- қорытынды аттестация нәтижелері бойынша электрондық ведомостер толтырады;
- қорытынды аттестацияның бейнежазбасын жүргізеді;
- академиялық адалдық қағидаттарын сақтайды.

72. Білім алушы:


- педагогтармен, ғылыми жетекшімен және комиссияның техникалық хатшысымен күнделікті байланыста болады;
- қол жетімді байланыс арналары арқылы кестемен және аралық және қорытынды аттестация өткізу тәртібімен танысады;
- техникалық хатшының корпоративтік поштасына қорғауға жіберу үшін барлық қажетті құжаттарды береді;
- академиялық адалдық қағидаттарын сақтайды.

Академиялық мәселелер және
жана технологиялар жөніндегі проректор



Р.О.Бұғыбаева

Академиялық даму
Департаментінің директоры



М.Т. Даниярова

1-қосымша

МАК төрағасына

топ студентінен

Өтініш

Диплом жұмысын қорғауға келмеуіммен
байланысты _____ Сізден
(себебі)

диплом жұмысын қорғау күнін ауыстыруға рұқсат беруіңізді сұраймын

Айы, күні, қолы